

**Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу
құқығындағы «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорыны
ХАТТАМАСЫ №1**

Атакент

«28» наурыз 2025 ж.

Жиналыс төрағасы: С. Құрақбаева басшы орынбасары

Хатшысы: Қ. Есенбеков заңгер

Стационар және емхана бөлімінің дәрігерлері, дәрігерлік амбулатория ЖТ дәрігерлері,
бас мейірбике, аға мейірбикелер.

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы (2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ)

**2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
(Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ);
(ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369,
370, 450, 451, 452 баптарына тоқталу);**

**3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР-ның Кодексі
(2014 жылғы 5 шілдедегі №235- V ҚРЗ)
(Қандай сыйлық «Пара»деп саналады және оған қандай жаза көзделгендігі туралы
түсіндіру).**

Күн тәртібі бойынша сөз алған аурухана заңгері Қ. Есенбеков « Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ

Осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған. Заң 5 тараудан тұрады 1. Тарау Жалпы ережелер 2. Тарау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл шаралары 3. Тарау Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл субъектілері және олардың өкілеттіліктері 4. Тарау Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жою 5. Тарау Қортынды және өтпелі ережелер.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
(Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ);
(ҚР Қылмыстық Кодексінің 189, 190, 218, 249, 361, 362, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370,
450, 451, 452 баптарына тоқталу);

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы Қазақстан Республикасының осы Қылмыстық кодексінен тұрады. Қылмыстық жауаптылықты көздейтін өзге заңдар осы Кодекске енгізілгеннен кейін ғана қолданылуға жатады.
2. Осы Кодекс Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші бар және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Осы Кодекс пен Қазақстан

Республикасы Конституциясының нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда Конституцияның ережелері қолданылады. Осы Кодекстің конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін нормалары заңдық күшін жояды және қолданылуға жатпайды. Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республиканың заңнамасында айқындалады.

ҚР Қылмыстық Кодексінің баптарына түсіндіру 189 бап Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу. 190-бап. Алаяқтық 218-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) 249-бап. Рейдерлік 361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану. 362-бап. Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану. 364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу. 365-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысуға кедергі жасау. 366-бап. Пара алу. 367-бап. Пара беру. 368-бап. Парақорлыққа делдал болу. 369-бап. Қызметтік жалғандық жасау. 370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік. 450-бап. Билікті теріс пайдалану. 451-бап. Билікті асыра пайдалану. 452-бап. Биліктің әрекетсіздігі.

Қандай сыйлық «Пара» деп саналады және оған қандай жаза көзделгендігі туралы түсіндіру Елімізде көп адам мемлекеттік қызметшілерге, дәрігерлерге немесе мұғалімдерге, сондай-ақ, басқа да шенеуніктерге алғыс ретінде сыйлық беріп немесе сыйлық алып жатады. Алайда қазақстандықтар бұл әрекеттерінен қомақты айыппұл арқалап кетуі мүмкін екенін ескере бермейді. Жалпы пара ұғымы әдетте тек заңсыз қызмет алу, біреу арқылы құжатты заңсыз әрі тез рәсімдеуге әрекет етумен шектеліп жатады. Алайда дәрігердің көмегі үшін оған сыйлық беру, тіпті мұғалімдерге алғыс сыйлығын беру пара деп саналады. 7 мың теңгеге дейін берілген сыйлыққа әкімшілік жаза қарастырылса, одан көп сомаға алынған сыйлық үшін қылмыстық жаза көзделген. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің **676-бабына** сәйкес кез келген сыйлық, жеңілдік, тіпті қызмет көрсету **заңсыз материалдық сыйақы (пара)** деп танылады. Егер сыйлық осы сомадан арзан болса (мысалы, тіпті 100 теңге), онда **пара беруші әкімшілік жазаға** тартылады - **200 АЕК - 690 000 теңге** көлемінде айыппұл салынады. Ал **пара алушыға** (сыйлықты қабылдаған) Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің **677-бабына** сәйкес **600 АЕК немесе 2 миллион 70 мың теңге** көлемінде айыппұл салынады. Бір сөзбен, кез келген құнды немесе арзан сыйлық пара болып есептеледі. Ал сыйлық **2 АЕК - 6900 теңгеден** асса, бұл қылмыстық құқықбұзушылық болып саналады. Бұл туралы Қылмыстық кодексінің 367-бабындағы ескертпеде жазылған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде қортындылай келе, медициналық ұйымдардың жалпы барлық қызметкерлері тікелей жауапкершілігімен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V заңын басшылыққа алып, басқарып отырған мекеменің жалпы жүйесінде өз құзіреті шегінде талаптарын орындап, онда көзделген тәртіптік шара қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы екенін көмектесуге міндетті екендігін түсіндірді. жалпы жиналысқа қатысушылар баяндаманы талқылау барысында өз пікірлерін ортаға салып сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зианды зардаптарын жою олардың алдын алу және

барлық мемлекеттік органдармен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу керек екенін түсінді.

Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша сұрақтар берілді, оның барлығына қанағаттандырушылық жауап қайтарылды.

Төраға

Хатшы



С. Құрақбаева

Қ Есенбеков